

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 ақпандағы № 21-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 5731 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 136-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 15.08.2017 № 136-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Ж.Әлішеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ

Аудан әкімдігінің 2017 жылғы
"3" ақпандағы № 21-қ
қаулысына қосымша

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

		Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда ай сайынғы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-ананың төлемақысының ай сайынғы мөлшері (теңге)
			Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын
			Мемлекеттік мектепке

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Балабақшалар	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)
1	Арал ауданы	1908	26295	19929	13614	22690

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК